

Мықтылар анықталды

Аудандық ашық турнирде былғары қолғап шеберлері жұдырық түйістірді

Балалар жылы аясында тамыз айының 17-сі мен 18-і күні «Юбилейный» мәдениет үйінде жас былғары қолғап шеберлері өзара кіл мықтыны анықтады.

Екі күнге созылған жасөспірімдер арасындағы аудандық ашық турнирге 86 спортшы қатысты. Олардың қатарында «Сұлтан» және «Астана», «Прайд» спорт клубтары, «Айтеновтер» бокс мектебі, спорттық секциялардың тәрбиеленушілері, «Жаса» қоғамдық қорының спортшылары қатысты. Спортшылардың барлығы да бәсекеге аса жауапкершілікпен, жоғары дайындықпен келгені анық.

Былғары қолғап шеберлерінің бәсекесіне арнайы Меңдіқара ауданы әкімінің орынбасары Мәрлен Сандыбеков қатысып, спортшыларға сәттілік тіледі.

Ел Президенті спортқа аса көңіл бөлуде. Әсіресе, балалар спорты елімізде қарқынды дамуда. Біздің ауданымызда да бұл салада спортшыларымыз жақсы нәтиже көрсетуде. «Балалар жылы» аясында бүгін үлкен іс-шара өткізіліп, жас спортшылар бақтарын сынағалы түр. Әр спортшыға сәттілік және жеңіс тілеймін, - деді аудан әкімінің орынбасары Мәрлен Бахытбекұлы.

Жас спортшыларымызға жанкүйер болғандардың да



Нағыз былғары қолғап шеберлері

қарасы молынан болып, әр ата-ана өз баласына қолдау білдіріп, бапкерлеріміз өз шәкірттеріне демеу болуға тырысты.

Іс-шара барысында Қазақстан Республикасының кикбоксинг жөніндегі аға жаттықтырушысы Әскер Манубаевке, Қостанай облысы

кикбоксинг федерациясының Вице Президенті Дәмір Қалқаявқа сөз берілді. Спорт жанашырлары өз тараптарынан спортшыларға жылы лебіздері мен ақ тілектерін білдірді.

Жарыстың бас төрешісі Нұржан Шегенов бокс додасына төрелік етіп, ережеге

сай әділ шешім шығарды.

Меңдіқара ауданының атынан тоғыз боксшы аудан намысын қорғап, жақсы нәтижеге қол жеткізді. Жоғары көрсеткішпен Әмірхан Сәндібеков, Расул Райыс, Хантемір Абай, Нұрдаулет Ахатов, Илья Исаев I-орынға қол жеткізді. II-орын

Артур Калинин, Расул Райысқа бұйырса, III-орын Дәулет Көшербаев пен Илья Алистратовтың қанжығасына байланды.

Ауқымды іс-шараға «Олжа Агро» ЖШС демеушілік жасады. Ұйымдастырушылар қауымы жақсылықтың жаршысы болып, Балалар

жылында өткен былғары қолғап шеберлері арасындағы тартысқа қолдау көрсеткен жандарға өз ризашылықтарын білдірді.

Жеңімпаздар арнайы медаль, кубок және грамоталармен марапатталды.